



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 20 тамыз

### Қазақстан Ұлттық Банкі банкноттар мен монеталардың үздік бейнеленуіне арналған балалар суретінің ашық конкурсын жариялайды

Қазақстан Ұлттық Банкі ұлттық валюта – теңгенің 25 жылдығы шеңберінде **2018 жылғы 1 қыркүйектен** бастап банкноттар мен монеталардың үздік бейнеленуіне арналған «Теңге балалардың көзімен» тақырыбы бойынша Қазақстанның балалары арасында балалар суретінің ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың негізгі мақсаты – дарынды балаларды анықтау және көтермелеу, жас суретшілерге өздерінің шығармашылық әлеуетін ашу мүмкіндігін беру және ұлттық валюта – Теңгені бірегей пайымдауды көрсету болып табылады.

Балалар суреті конкурсы мынадай жас санаттарында өткізіледі: 6 – 10 жас аралығында және 11- 14 жас аралығында. Жұмыстар «Банкноттың үздік бейнеленуі» және «Монетаның үздік бейнеленуі» екі номинациясы бойынша қоса алғанда **2018 жылғы 1 қыркүйек – 25 қазан аралығында** қабылданады. Бір автордан әрбір номинацияда бір жұмыстан артық қабылданбайды.

Конкурс қорытындылары 2018 жылғы 15 қарашаға дейін шығарылады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер және конкурстық жұмыстар Қазақстан Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасына «Сурет конкурсы» белгісімен, А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3 ш/а., 21-үй мекенжайы бойынша жіберіледі.

Конкурстың тәртібі мен талаптары конкурс туралы ережеде баяндалды және Қазақстан Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz/?docid=3462&switch=kazakh> ресми Интернет-ресурсында орналастырылған.

ҚР халқының қаржылық сауаттылығын арттырудың 2016-2018 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Ұлттық Банкі балаларға арналған бірқатар жобаларды іске асыруда. 2018 жылғы 26 мамырдан бастап TENGELand [https://www.youtube.com/playlist?list=PLnRVfDcrVUd1Kd\\_p4MTCINJY768\\_RkhXu](https://www.youtube.com/playlist?list=PLnRVfDcrVUd1Kd_p4MTCINJY768_RkhXu) жаңа телевизиялық жобасы шығарылуда, сондай-ақ 2018 жылғы тамыздан бастап «OYLA» ғылыми-танымал баспасымен <https://www.facebook.com/nationalbankkz/> және балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық «Ұлан» <https://www.facebook.com/ulattykbanki/> және «Дружные ребята» <https://www.facebook.com/nationalbankkz/> газеттерімен ынтымақтастық қайта орнады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 3302 497;

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)